

Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің мәселелері жөнінде

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының бұйрығы 2001 жылғы 14 ақпанда N 32. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 28 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1410.

ЕСКЕРТУ. Барлық мәтін бойынша "8.1-8.10 тармақшаларындағы" деген сөздер "1)-10) тармақшаларындағы" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 567 қаулысымен. V011749_

Банк жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Халықаралық стандарттарға өту бойынша екінші топқа жатқызылған, 2001 жылдың 1 қаңтарында меншік капиталы 500 миллион теңгеден кем банктер, сондай-ақ банктердің халықаралық стандарттарға өтетін топтарының бірде-біріне кіргізілмеген банктер 2001 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде белгіленген заң тәртібімен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып өзгеру жолымен ерікті түрде қайта құрылуға рұқсат алу туралы өтініш беру туралы мәселені шешсін.

Өтініш берілмесе, Ұлттық Банк банк заңдарында көзделген санкцияларды қолданады.

2. Халықаралық стандарттарға өту бойынша екінші топқа жатқызылған, 2001 жылдың 1 қаңтарында меншік капиталы 500 миллион теңге болған және одан да асатын банктер, сондай-ақ халықаралық стандарттарға өту бойынша бірінші топқа жатқызылған банктер 2001 жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде Ұлттық Банкке Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 16 сәуірдегі N 73 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеге сәйкес екінші деңгейдегі банктерге аудиторлық тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген тәуелсіз халықаралық аудиторлық ұйымдардың тізімдемесінде" көрсетілген тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың (бұдан әрі - уәкілетті аудиторлық ұйымдар) бірінің аудит пен бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған және банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ереженің (бұдан әрі - Ереже) 8-тармағының V960440_ 1)-10) тармақшаларындағы барлық талаптарды (шарттарды)

орындауына баға берілген банктің 2000 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы аудиторлық қорытындысын ұсынуға міндетті. <*>

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

2001 жылғы 14 маусымдағы N 225 қаулысымен. V011579_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 567 қаулысымен. V011749_

3. Осы қаулының 2-тармағындағы талаптарға сәйкес жасалған уәкілетті аудиторлық ұйымдардың бірінің қорытындысы бойынша 2001 жылдың 1 қаңтарында меншік капиталының мөлшері 500 миллион теңгеден 1 миллиард теңгеге дейінгі банктер, сондай-ақ осы қаулының 2-тармағындағы талаптарға сәйкес жасалған уәкілетті аудиторлық ұйымдардың бірінің қорытындысы бойынша 2001 жылдың 1 қаңтарында меншік капиталының мөлшері 1 миллиард теңге болған және одан да асатын, бірақ 2001 жылдың 1 қаңтарында Ереженің 8-тармағының 1)-10)-тармақшаларындағы басқа да талаптарды (шарттарды) орындамаған банктер 2001 жылдың 1 қазанына дейінгі мерзімде аудит пен бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған банктің 2000 жылдың бірінші жартысындағы қаржы шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы Ереженің 8-тармағының 1)-10)-тармақшаларындағы барлық талаптардың (шарттардың) орындалғанын аудиторлық ұйымдардың бірінің аудиторлық қорытындысымен растауға тиіс, не осы көрсетілген мерзімде белгіленген заң тәртібімен Ұлттық Банкке ерікті түрде қайта құрылуға рұқсат алу туралы өтініш беру туралы мәселені шешсін. <*>

2001 жылдың 1 қаңтарында Ереженің 8-тармағының 8.7-тармақшасының талаптарын (шарттарын) орындамаған банктер 2001 жылдың 1 қазанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне уәкілетті аудиторлық ұйымдардың біреуінің банктің 2001 жылдың 1 шілдедегі жағдай бойынша Ереженің 8-тармағының 8.7-тармақшасының талаптарын (шарттарын) орындауы жөнінде аудиторлық есебін ұсынуға міндетті. <*>

Өтініш берілмесе, Ұлттық Банк банк заңдарында көзделген санкцияларды қолданады.

Осы тармақтың талаптары 2001 жылдың 1 қаңтарында аймақтық мәртебесі бар және көрсетілген күні осы қаулының 2-тармағының талаптарына сәйкес жасалған уәкілетті аудиторлық ұйымдардың бірінің қорытындысы бойынша аймақтық банктердің меншік капиталының мөлшеріне қойылатын Ереженің талаптарын және Ереженің 8-тармағының V960440_ 1)-10)-тармақшаларындағы басқа да талаптарды (шарттарды) орындаған банктерге қолданылмайды.

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 2001 жылғы 8 қазандағы N 384

қаулысымен. V011676_

4. Осы қаулының 3-тармағының талаптарына сәйкес жасалған уәкілетті аудиторлық

ұйымдардың бірінің қорытындысы бойынша 2001 жылдың 1 шілдесінде банктердің меншік капиталына қойылатын Ереженің талаптарын орындаған, бірақ 2001 жылдың 1 шілдесінде Ереженің 8-тармағының 1)-10)-тармақшаларындағы басқа да талаптардың (шарттардың) біреуін болса да орындамаған банктер 2002 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде Ұлттық Банкке уәкілетті аудиторлық ұйымдардың бірінің Ереженің 8-тармағының 1)-10)-тармақшаларындағы барлық талаптарды орындауына баға берілген (расталған) банктің 2000 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы аудиторлық қорытындысын қайта ұсынуға міндетті. Ереженің 8-тармағының 1)-10) тармақшаларының талаптарын (шарттарын) орындаған банктер 2002 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде Ұлттық Банкке тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың біреуінің осы қаулының 2-тармағында көзделген аудиттің және бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған банктің 2001 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы аудиторлық қорытындысын ұсынуға міндетті. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 567 қаулысымен. V011749_

4-1. Барлық банктер 2003 жылдың 1 сәуіріне дейін Ұлттық Банкке тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың біреуінің осы қаулының 2-тармағында көзделген және банктің Ереженің 8-тармағының 11) тармақшасындағы талаптарды орындауына баға берілген (расталған), аудиттің және бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған банктің 2002 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы аудиторлық қорытындысын ұсынуға міндетті. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 567 қаулысымен. V011749_

5. Банктер осы қаулының 2, 3, 4 және 4-1-тармақтарында көрсетілген:
осы қаулының 2-тармағының талаптарына сәйкес жасалған уәкілетті аудиторлық ұйымдардың бірінің қорытындысы бойынша 2001 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша меншік капиталының мөлшері 500 миллион теңгеден кем болғанда, 2001 жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде,

немесе

осы қаулының 3-тармағының талаптарына сәйкес жасалған уәкілетті аудиторлық ұйымдардың бірінің қорытындысы бойынша 2001 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша банктердің меншік капиталына қойылатын Ережедегі талаптарды орындамағанда, 2001 жылдың 1 қарашасына дейінгі мерзімде,

немесе

осы қаулының 4-тармағының талаптарына сәйкес жасалған уәкілетті аудиторлық ұйымдардың бірінің қорытындысы бойынша 2002 жылдың 1 қаңтарындағы барлық талаптарды (шарттарды) орындамағанда, 2002 жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде, немесе осы қаулының 4-1 тармағының талаптарына сәйкес, 2003 жылғы 1 қаңтардағы

жағдай бойынша Ереженің 8-тармағының 11) тармақшасының талаптары, 2003 жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде, <*>

немесе

осы қаулының 2, 4 және 4-1-тармақтарындағы талаптарға сәйкес аудиторлық қорытындыны белгіленген уақытта бермегенде, бір айлық мерзімде <*>

белгіленген заң тәртібімен Ұлттық Банкке ерікті түрде қайта құрылуға рұқсат беру жөнінде өтініш беру туралы мәселені шешсін.

Өтініш берілмесе, Ұлттық Банк банк заңдарында көзделген санкцияларды қолданады. <*>

Ескерту: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 14 маусымдағы N 225 қаулысымен. V011579_

Ескерту: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 8 қазандағы N 384 қаулысымен. V011676_

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 567 қаулысымен. V011749_

5-1. Ұлттық Банк осы қаулы күшіне енгенге дейін бір жыл бойы Ұлттық Банк мәжбүрлеп сатып алуды жүзеге асырған екінші деңгейдегі банктер үшін осы қаулының талаптарын орындау мерзімін ұзартуға құқылы. <*>

Ескерту: 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 28 ақпандағы N 72 қаулысымен. V021814_

6. "Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) қоры" жабық акционерлік қоғамына Ереженің талаптарын (шарттарын) орындамаған банктерді жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне кіргізбеу ұсынылсын.

7. Ұлттық Банк осы қаулының талаптарын орындамаған банктерге банк заңдарында көзделген санкцияларды қолданады, сонымен бірге барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиялардың күшін жоятын болады.

8. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

9. Банктерді қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен алған күннен бастап бес күн ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.